

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ					
Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)					
Топ/сынып	Мектепалды топ				
Тобы, топтың реттік саны, атауы					
Балалардың жасы	5 жасар балалар				
Педагогтің аты-жөні					
Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)	24.04 - 28.04.2023				
Апта күндері	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен	«Әжелердің немерелерді тәрбиелеуге арналған кеңестері» қабырға газеті.				

әңгімелесу, кеңес беру					
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	"Өсімдіктерді құнарландыру". Мақсат-міндеттер. Балаларға өсімдіктердің қоректік заттарды топырақтан алатынын, біртіндеп топырақтың құнары таусылатындығын түсіндіру. Балалардың біліміне сүйеніп, өсімдіктердің топырағын құнарландыру қажеттілігі туралы айту, нақты іс-әрекетпен көрсету. (еңбек іс-әрекеті)	"Біз топ бөлмесінде және жатын бөлмедегі терезенің ернек тақтайын дымқыл шүберекпен сүртеміз". Мақсат-міндеттер. Балаларды сумен жұмыс кезінде келесі ережелерді сақтауға үйрету: жендерді орау, шүберекті сулау және құрғатып сығу, ластанған кезде оны сумен шаю. (еңбек іс-әрекеті)	"Біз орындықтарды орнына орналастырамыз". Мақсат-міндеттер. Еңбек дағдыларын дамытуды жалғастыру; тапсырманы жылдам, мұқият орындау. (еңбек іс-әрекеті)	"Кітап бұрышындағы еңбек". (кітаптарды қалпына келтіру). Мақсат-міндеттер. Балаларға жөндеуді қажет ететін кітаптарды таңдауды, оларды мұқият желімдеуді үйрету (желім мен қайшыны дұрыс пайдалану, майлықтарды пайдалану). Кітаптарға ұқыпты қарауға, жұмыс істеуге, тәртіпті сақтауға тәрбиелеу. (еңбек іс-әрекеті)	"Өз төсегімізді жинауды үйренеміз". Мақсат-міндеттер. Балалардың өз төсегіне күтім жасау бойынша біліктері мен дағдыларын қалыптастыру; ұқыптылыққа, басқа біреуге көмектесуге ұмтылуға тәрбиелеу; еңбекке ұқыпты қарауға тәрбиелеу; өзіне-өзі қызмет көрсету бойынша дербестігі мен дағдыларын дамыту. (еңбек іс-әрекеті)
	«Бес саусақ». Оң қолымда бес саусақ, Сол қолымда бес саусақ.	«Төрт жақты лото». Мақсат-міндеттер. 1-ден 10-ға дейін санау, не бейнеленгенін, түсін, неше бірліктен	"Дөңгелек, үшбұрыш, шаршыға ұқсайтын заттарды тап" дидактикалық	Үстел үсті ойыны «Есіңе сақта». Балаларға 5 түрлі сурет көрсетіледі, сосын педагог	Фотосуреттер қарастыру «Ұлттар достығы». Фотосуретте бейнеленген ұлттар

	Оларды атап шақырар, Әрқайсысының аты бар. Бас бармақ, Балаң үйрек, Ортаң терек, Шылдыр шүмек, Кішкене бөбек. (қарым-қатынас іс-әрекеті)	тұратынын, саусақпен санап көрсету, балалардың ой-өрісін кеңейту, зейінді болуға тәрбиелеу. Ойынның барысы. Бала аталған санды сурет арқылы, санның неше бірліктен тұратынын айтады және бәрін бірге құрастырады. (танымдық іс-әрекет)	ойыны. Мақсат-міндеттер. Пішіндерді қайталау, түстерді қабылдауын және қолдың ұсақ моторикасын дамыту. (танымдық іс-әрекет)	көздерін жұмуларын ұсынады да, 1 суретті алып тастайды, балалар қай суретті алып тастағанын байқап, атауын атайды. Педагог балалардың қаншалықты естеріде сақтағандарын тексереді. (танымдық іс-әрекет)	достығы тақырыбында әңгімелеу. (қарым-қатынас іс-әрекеті)
Таңертенгі жаттығу	Жалпы дамыту жаттығулары (құрсаумен) 1.Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, құрсау төменде (құрсаудың шетінен екі қолымен ұстау). 1-құрсауды екі қолдарымен алдына қояды; 2- құрсауды жоғары көтереді; 3-құрсауды алдына қояды ; 4-бастапқы қалыпқа келу. Жаттығу 6 рет қайталанады. 2. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, құрсау төменде. 1-құрсауды жоғары көтереді; 2-қолды түзу ұстап, оңға иілу; 3-құрсауды жоғары көтереді; 4-4-бастапқы қалыпқа келу. Осы жаттығуды сол жаққа қайталау. Жаттығу 6 рет қайталанады. 3. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ бірге, құрсауды бүгілген қолымен көкірегіне қою. 1-2-отырып, құрсауды алдына шығару; 3-бастапқы қалыпқа келу. Жаттығу 6 рет қайталанады. 4. Бастапқы қалып: еденге отыру, құрсауды бүгілген қолымен көкірегіне қою. 1-құрсау ұстаған қолымен оң аяғына иілу; 2-бастапқы қалып. Жаттығу сол жағына қайталанады. Жаттығу 6 рет қайталанады.				

	5. Бастапқы қалып: жерге арқасымен жатып, құрсауды түзу ұстап, басынан асыра қою. 1-2-тізені бүгіп, құрсаудың шетіне тигізу; 3-4-бастапқы қалыпқа келу. Жаттығу 5-6 рет қайталанады. 6. Бастапқы қалып: құрсаудың ішінде тұру. Педагогтің 1-8 дейін санауы бойынша құрсаудан шығып секіру, қайтадан құрсауға секіру. Жаттығуды 3-4 рет қайталау. 7. Бастапқы қалып: дене тік, аяқ алшақ, құрсау төменде (құрсаудың шетінен екі қолымен ұстау). 1-құрсауды алға қою, оң аяғын ұшына артқа қою; 2-бастапқы қалып. Жаттығу сол жағына қайталанады. Жаттығу 6 рет қайталанады. (дене шынықтыру)				
Таңғы ас	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртінуге. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну. <i>Көркем сөз</i> Ас атасы ақ нанды, Қадірлейміз шашпаймыз. Тамақтану үстінде, Асықпаймыз, саспаймыз. Сүлгімен де орынды, Пайдалана аламыз. Шанышқы мен қасықты, Қалай ұстайм қараңыз. Тамақтану тәртібін, Ұстанатын баламыз. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Ұйымдастырылған	"Бір шаңырақ	"Бәріне ортақ	Көршілермен	"Қалалар" сөздік	"Кемпірқосақтың

іс-әрекетке дайындық	астында" тақырыбында әңгімелесу. (қарым-қатынас іс-әрекеті)	мереке" тақырыбында иллюстрациялық суреттерді қарастыру. (қарым-қатынас іс-әрекеті)	сыйластық туралы әңгімелесу. (қарым-қатынас іс-әрекеті)	ойыны. (қарым-қатынас іс-әрекеті)	түстері" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер. Түстерді ажырата білуге үйрету; ашық және күлгін түстерді сезіну қабілетін жетілдіру, үлкен-кіші көлеміне қарай доғаларды дұрыс орналастыру. (қарым-қатынас іс-әрекеті)
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Сауат ашу негіздері "[ч] дыбысы және Чч әрпі". Мақсат-міндеттер: әріпті тану, ажырату және оны дыбыспен сәйкестендіру. Оқудың түрлерін (буындап оқу, жиі кездесетін сөздерді тұтас оқу, түсініп оқу) қолдану.	Сауат ашу негіздері "[ч] дыбысы және Чч әрпін қайталау". Мақсат-міндеттер: әріпті тану, ажырату және оны дыбыспен сәйкестендіру. Оқудың түрлерін (буындап оқу, жиі кездесетін сөздерді тұтас оқу, түсініп оқу) қолдану.	Математика негіздері "Мереке қарсаңында" Мақсат-міндеттер: балалардың 10 көлеміндегі сандар мен цифрлар мен геометриялық пішіндер жайлы білімдерін тиянақтау. Қазақ тілі "Әскери қызмет.	Математика негіздері "Мереке қарсаңында" (пысықтау) Мақсат-міндеттер: балалардың 10 көлеміндегі сандар мен цифрлар мен геометриялық пішіндер жайлы білімдерін тиянақтау. Сөйлеуді дамыту	Сауат ашу негіздері "ь,ъ әрпімен таныстыру". Мақсат-міндеттер: оқушыларды ь белгісімен таныстыру, оның дыбысталмайтынын түсіндіру, ь белгісі бар сөздерді дұрыс оқуға және жазуға, есте сақтауға, дыбыстық талдау

	Қазақ тілі "[Ю] дыбысы (артикуляциясы, тіл ұстарту, сөздердегі дыбыстардың орнын табу) мен әрпі (атау негіздері)". Мақсат-міндеттер: [Ю] дыбысы мен әрпін таныту; оның қосарланған дыбыс екенін ұғындыру; [Ю] дыбысының айтылуын дұрыс меңгерту. Дене шынықтыру "Затты 5 метр қашықтықта тұрған нысанаға көздеп лақтыру" Мақсат-міндеттер: балаларды 5 метр қашықтықтан тік нысанаға көздеп зат лақтыруға үйрету. Қоршаған ортамен	Математика негіздері "Жалауларды ретімен қоямыз" Мақсат-міндеттер: балалардың айналасына қарап геометриялық пішіндерді табу, оларға талдау жасай біліктерін ұштау; белгілі бір бағытта келе жатып, белгі бойынша бағытын өзгерте білу қабілетін жетілдіру. Музыка "Бақытты балалық шақ" Мақсат-міндеттер: балаларды қимылды музыкамен сәйкестендіру және музыканың екінші бөлігінде қимылды өзгертіп, әуенмен орындай білу	Халық аузындағы "Үш батыр" ертегісі". Мақсат-міндеттер: балалардың "Отан", "Туған жер" түсініктерін дамыту; халық аузындағы "Үш батыр" ертегісіндегі оқиғалар тізбегін есте сақтауға үйрету. Дене шынықтыру "Затты 5 метр қашықтықта тұрған нысанаға көздеп лақтыруды пысықтау" Мақсат-міндеттер: балаларды 5 метр қашықтықтан тік нысанаға көздеп зат лақтыруға үйрету. Көркем әдебиет "«Мақта қыз бен мысық»	"«Мәңгілік алау» өлеңін жаттау. Тынышбай Рахимов" Мақсат-міндеттер: соғыс туралы білімдерін арттырып, Жеңістің оңайшылықпен келмегенін түсіндіру. Музыка "Жеңіс күні" Мақсат-міндеттер: балаларды әнді тыңдау кезінде сипатын ажырата білуге үйрету. Қоршаған ортамен таныстыру "Жәндіктер әлемі" Мақсат-міндеттер: балалардың жәндіктердің кейбір түрлері (көбелек, шыбын, қоңыз, қанқыз) туралы түсініктерін	жасауға үйрету. Мүсіндеу Дене шынықтыру "Кім зерек?" Мақсат-міндеттер: балаларды үш қатарға қайта сап түзеу арқылы (жолай кегльді алу); қырынан қойылған сатының тақтайшалары арасынан еңбектеп өтуге үйрету. Көркем әдебиет "«Мақта қыз бен мысық» Ы.Алтынсарин (сахналау, мәнерлеп оқу)" (қайталау) Мақсат-міндеттер: педагог Ы.Алтынсарын туралы, оның
--	---	--	---	---	--

	таныстыру "Ағаштар, табиғат және адам" Мақсат-міндеттер: балалардың ағаштың табиғатқа және адамның тіршілігіне қосатын үлесі туралы түсініктерін жетілдіру; түрлі зияткерлік, тәжірибелік және шығармашылық әрекеттерге араластырып ағаштан жасалатын өнімдерді пайдалану біліктерін арттыру.	дағдыларын дамыта отырып, музыкалық аспаптық оркестрлық ұжымда қарапайым ырғақты суретті өздігінен орындау іскерліктерін жетілдіру. Сөйлеуді дамыту "«Мәңгілік алау» өлеңін жаттау. Тынышбай Рахимов" Мақсат-міндеттер: соғыс туралы білімдерін арттырып, Жеңістің оңайшылықпен келмегенін түсіндіру.	Ы.Алтынсарин (сахналау, мәнерлеп оқу)" Мақсат-міндеттер: педагог Ы.Алтынсарын туралы, оның шығармашылығы туралы білімдерін жетілдіру. Шығарманы оқу арқылы түсінуге үйрету.	қалыптастыру.	шығармашылығы туралы білімдерін жетілдіру. Шығарманы оқу арқылы түсінуге үйрету.
2- таңғы ас	Тағамның атауын есте сақтауға, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем сөз)				
Серуенге дайындық	Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Серуен	Өсімдіктер мен бұталарды бақылау. (қарым-қатынас іс-	Жердегі тастарды бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті,	Қылқанжапырақты ағаштарды бақылау. (қарым-	Көктем мезгіліндегі қайынды бақылау. (қарым-қатынас іс-	Қайың бүршіктерін бақылау. (қарым-қатынас іс-әрекеті,

	әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Тіршілік иелері жайлы білімдерін кеңейту. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (учаскедегі қоқыстарды жинау) Мақсат-міндеттер. Жұмысқа деген оң көзқарасты тәрбиелеу. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Қазына аралы" (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Физикалық белсенділікті дамыту. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту, зейінді,	таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Өлі табиғаттың бөлігі ретінде тастар туралы түсінік қалыптастыру. (Қандай тастар бар? Адам тастарды қайда пайдаланады?) Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (алаңға тастарды жинау және олардан композиция құру). (еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Бірлесіп жұмыс істеуге үйрету; шығармашылық қиялын дамыту. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Қазынаны тап". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер.	қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Ағаштар туралы білімдерін бекіту; талдау, салыстыру, қорытынды жасау қабілетін дамыту. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: "Жұмыс істейік, балақай!" (еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Балалармен жұмыстың мақсатын талқылау, еңбекті құрметтеуге тәрбиелеу. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Күн мен түн" (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Ептілікті, реакция	әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Қайың ағашы, оның көктем мезгіліндегі ерекшеліктерімен таныстыруды жалғастыру. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (ауладағы қоқысты тазалау) (еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Еңбекке деген жағымды қатынасты тәрбиелеу. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Қу түлкі". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Моториканы, ептілікті, реакция жылдамдығын	таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Көктем мезгіліндегі қайың ағашының бүршіктерін бақылау, ағаштардың өзгерістері туралы білімдерін жетілдіру. Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (балабақша ауласын тазарту.) (еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Көшет отырғызуға деген ұмтылысты ояту. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Жүгір және секір", "Жолмен кім жылдам жүгіреді?" (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Секіру кезінде епті
--	--	---	---	---	---

	қимылдарды үйлестіруді дамыту.	Жерде жатқан ерекше тастарды табу; байқағыштық қабілеттерін дамыту. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту: "Секірейік". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Ұзындыққа секіру дағдыларын дамыту.	жылдамдығын дамыту. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту: "Секірейік". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Ұзындыққа секіру дағдыларын дамыту.	дамыту. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту: "Кегльді соқ". (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Ептілікті, реакцияның жылдамдығын дамыту.	болуға тәрбиелеу, кеңістіктік бағдарлауды дамыту. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту, заттарды нысанаға лақтыру. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Заттарды нысанаға бір қолмен лақтыру дағдыларын бекіту.
Серуеннен оралу	Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу. Қоғамдық орындарда гигиена ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Түскі ас	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртінуге. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну. <i>Көркем сөз</i> Ас атасы ақ нанды, Қадірлейміз шашпаймыз. Тамақтану үстінде,				

	Асықпаймыз, саспаймыз. Сүлгімен де орынды, Пайдалана аламыз. Шанышқы мен қасықты, Қалай ұстайм қараңыз. Тамақтану тәртібін, Ұстанатын баламыз. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай жасау.				
Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары	Ұйқыдан кейін бірден төсекте жаттығу жасау; жатқан күйінде, төсектен тұрмай, көрпенің астында балалар жалпы дамыту жаттығуларының аз мөлшерін орындайды; (гимнастика, 2-3 минут төсекте, балалардың ұйқыдан біртіндеп ояу күйіне өтуіне бағытталған. Оянған балалармен жүргізген дұрыс, қалғаны оянған кезде қосылады) Жалпақ табанды болдырмау үшін денсаулық жолымен жүру. (дене шынықтыру)				
Бесін ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Рөлдік ойын: "Қонақ күту". Мақсат-міндеттер: мәдени дағдыларды бекіту, балаларға үй шаруашылығының кейбір білімдері туралы хабарлау (бөлмені жинау, дастарқан жаю).	Ұлттық ойын. Арқан тартыс Бұл ойынның екі түрі бар. Біріншісі жазда көгал үстінде, екіншісі қыста қар үстінде ойналады. Жазда ойыншылардың саны 10 баладан кем	«Достықты сақтаймыз!» дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер. Балаларды бір-бірімен дос, тату, ұйымшыл болуға тәрбиелеу. Шарты. Педагог	Ұлттық ойын. Ақсүйек Ең алдымен, ойнаушылар өзара келісіп, жеңген топ үшін жұлде тағайындайды да, екі топқа бөлінеді. Топ басқарушылар ақсүйекті	"Сөйлемнен гүл шоқтарын тоқу" сюжетті-рөлдік ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды тақырыптық тұрғыдан біріккен сөйлемдер дайындауға

	Ойын материалы. Қуыршақ тағамдары, ойдан шығарылған тағамдар, оларды алмастыратын заттар; дастарқан жайылған үстелдер, шай ыдыстары, вазалар, шай, пирогтар. Ойын барысы. Педагог ойынды әр түрлі әдіспен жүргізе алады. Балалар өз тобында ойдан шығарылған жағдайда ойнай алады немесе басқа топтан қонақтар шақыра алады. Осыдан кейін барлық ойын әрекеттері қонақтарды қабылдауға және оларға қамқорлық жасауға дайындық шеңберінде өрбиді. Педагог балаларға қонақтар келгенге	болмаса, ойын қызықты болады. Ойынға ұзындығы 8-10 метрлік екі ұшы түйілген арқан әзірленеді. Оның тең ортасына белгі ретінде қызыл матаны байлап қояды. Ойынға қатысушы екі топтағылар өз жағында бойларына қарай сап түзеп, ойын бастауға белгі берілгенде арқанды өз жағына қарай тартады. Қыста он-он бес бала тартқанда үзілмейтін арқан таңдап алынып, үлкен адамның алақанының көлеміндей екі тақтайдың ортасынан өткізіліп, ортасына аққала үйіліп, екі жақ оны өзіне қарай	қолына достықты білдіретін күнді алып, бөлменің ортасына шығады. Күннің сәулелері түрлі-түсті ленталардан жасалып, шеттеріне қысқа таяқшалар ілінген. Педагог көңілді әуенді қосады. Әр таяқшаның екі шетінен, екі баладан ұстап күнмен бірге айналады. Педагог достық, ынтымақ тақырыбында тақпақты мәнерлеп оқиды. Лента ұстаған балалар тақпақ айтуды жалғастырады. Педагог бұл тақырыпты өтерден бұрын, оқу қызметінен тыс	қайсысының лақтыратынын шешіп алу үшін кезектесіп таяқ ұстайды, таяқтың басына кімнің қолы бұрын шықса, сол ақсүйекті құлашы жеткенше лақтырады. Ақсүйек жерге түскеннен кейін ғана ойыншылар іздеуге шығады. Көмбеде топ басқарушылардан басқа ешкім қалмайды. Ақсүйекті тапқан ойыншы ешкімге білдірмей, көмбеге қашуға әрекет жасайды да, ал қарсыластары біліп қалса, қолма-қол тартып алуғатырысады. Сондықтан ақсүйекті алдымен тауып алған	жаттықтыру, сөйлеу зейініне тәрбиелеу. Барысы. Тәрбиеші сөйлемді айтады. Балалар соңғы сөзді атайды және онымен жаңа сөйлем ойлап табады. Мысалы, Мақсат кітап оқып жатыр. Кітап үстел үстінде. (қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті)
--	---	--	---	--	--

	дейін иелері пәтерді жинап, оны гүлдермен безендіріп, дастарқан жайып, тұрмыстық техниканы дұрыс орналастыру керектігін айтады. Содан кейін қонақтарды қалай қарсы алу керектігін, оларды қалай құрметтейтінін айтып түсіндіреді. Содан кейін педагог балаларды өз бетінше ойын жоспарын құруға шақырады, онда не, қалай және қалай болады. Бұл қызықты сюжетті дамыту үшін бірнеше идеялар ұсынуы мүмкін, бірақ оның негізгі мазмұнын балалардың өздері ойлап табуы керек. Ойын нұсқаларының	құлату үшін тартады. (дене шынықтыру)	уақытта балаларға достық, ынтымақ, татулық тақырыбындағы тақпақтарды оқып беріп, үйден жаттап келуді тапсырады. (қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)	топтың ойыншылары біріне-бірі лақтырып, көмбеге қай топтың адамы бұрын жеткізсе, сол топ жеңіске жетіп, жүлдегер атанады. Келесі жолы ақсүйекті екінші топ лақтырады, сөйтіп ойын жалғаса береді. (дене шынықтыру)	
--	--	---	--	--	--

	бірі келесідей болуы мүмкін. «Қонақтар» келгенде, «үй иелері» оларды дұрыс орналастырады және ыңғайлы орындарды ұсынады. Шай ішу кезінде қонақтарды қызықты әңгімеге тартады, оларға жылы шыраймен қарайды: «Ішіңіз, жеңіз», «Мына пирогты жеп көріңіз», «Шай немесе шырын тағы алғыңыз келе ме?». Шай ішіп болғаннан кейін «үй иелері» педагогтің көмегімен қонақтарды ұжымдық әндермен, жұмбақтармен, ашық ойындармен немесе ауызша ойындармен қуантады. Мұның бәрі «иелері» алдынала талқылап,				
--	--	--	--	--	--

	дайындалып, кімнің қандай ойын-сауық өткізетінін дайындап қояды. Ойынның соңында педагог үй иелері немесе қонақтар жіберген барлық қателіктерді ұжымдық түрде талқылауы керек. (қарым-қатынас іс-әрекеті, таным іс-әрекеті, зерттеу іс-әрекеті)				
Балалармен жеке жұмыс	Саусақ жаттығуы. "Достық". Біздің топта ұлдар мен қыздар өзара дос (қолдың саусақтары өзара бірігеді). Кішкентай саусақтар біз сенімен достасамыз (екі қолдың саусақтарын бір-біріне тигізу). Бір, екі, үш, төрт, бес	Жаңылтпаштар жаттау. 1. Топ бала, топ бала Ойнап жүр, топтала. Зымырап допты ала, Қуады көп бала. 2. Омар томар алар, Орал орақ оран. 3. Қырда қырау, Қызыл ала бұзау. (қарым-қатынас іс-әрекеті)	Өлең жаттау. Әли Ысқабаев "Достық ұлы туымыз". Дос, бауыр көп, Тосқауыл жоқ, Айқара ашық есігі, Ұлы Отаным, Гүл Отаным - Тыныштықтың бесігі.	"Жұмбақтар шешу" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: белсенді сөздік қорындағы зат есімдер қорын кеңейту. Ойын барысы. Балалар орындықта отыр. Тәрбиеші жәндіктер туралы	"Сөйлемнен гүл шоқтарын тоқу" сюжетті-рөлдік ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды тақырыптық тұрғыдан біріккен сөйлемдер дайындауға жаттықтыру, сөйлеу зейініне тәрбиелеу.

	(шынашақтан бастап, саусақтарды кезекпен бір-біріне тигізу). Қайтадан санауды бастаймыз. Бір, екі, үш, төрт, бес Енді санауды аяқтадық (қолды төмен түсіреміз, демалтамыз). (қарым-қатынас іс-әрекеті, дене шынықтыру)		Тілегі бір, Жүрегі бір, Достармен біз біргеміз. Туыс барда, Құрыштан да, Берік біздің іргеміз. (қарым-қатынас іс-әрекеті)	жұмбақтар жасырады. Жұмбақтың жауабын тапқан баланың өзі жұмбақ жасырады. Жұмбақты тапқаны және болжағаны үшін ол бір жетон алады. Жетон көп болған жеңіске жетеді. Балалар өздерінің жұмбағын ойлап таба алады. (қарым-қатынас іс-әрекеті)	Барысы. Тәрбиеші сөйлемді айтады. Балалар соңғы сөзді атайды және онымен жаңа сөйлем ойлап табады. Мысалы, Мақсат кітап оқып жатыр. Кітап үстел үстінде.
Серуенге дайындық	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бөтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. (мәдени-гигиеналық дандылар, дербес әрекет)				
Серуен	Түскі серуенді бақылауды жалғастыру. (қарым-қатынас іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)				
Серуеннен оралу	Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау. Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу. Қоғамдық орындарда гигиена ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Кешкі ас	Гигиеналық дағдылар				

	Мақсат-міндеттер. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртінуге. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну. <i>Көркем сөз</i> Ас атасы ақ нанды, Қадірлейміз шашпаймыз. Тамақтану үстінде, Асықпаймыз, саспаймыз. Сүлгімен де орынды, Пайдалана аламыз. Шанышқы мен қасықты, Қалай ұстайм қараңыз. Тамақтану тәртібін, Ұстанатын баламыз. (мәдени-гигиеналық дағдылар)
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, қазақ тілі) Мақсат-міндеттер. Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу, монологты байланыстырып құра білу, әңгімені бірізді айту, шағын логикалық және хабарлау сипатындағы әңгімелерді құрастыру. Ойыншықтарды, заттарды, сюжеттік суреттер, табиғат құбылыстарын сипаттауда заттар мен нысандардың ерекшеліктерін білдіретін сөздерді дұрыс таңдау, сын есімдер мен үстеулерді қолдану. Шешендікке, сөз өнеріне баулу, санамақ, жаңылтпаш айту, жұмбақ шешу, айтыс өнеріне баулу. Балалардың түрлі әрекеттерінде бір-бірімен еркін диалог құруға мүмкіндік беру, өзінің тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойынша әңгіме құрастыруға, ойыншықтар мен заттарды 5-6 сөйлеммен сипаттауға, берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табуға баулу. Заттар мен ойыншықтар, сюжетті суреттерді зат, сын, сан есімдерді қолдана отырып, сипаттауда сөздерді дәл және дұрыс қолдануға, берілген мәтіннің басталуын және соңын ойдан құрастыруға баулу.

Музыкалық аспаптармен ойындар. **(музыка)**

Мақсат-міндеттер. Қазақ халқының би өнерімен таныстыру, қазақтың халықтық би өнері ерте заманнан қалыптасқандығын, ол халқымыздың аса бай ауыз әдебиетімен, ән-күйлерімен дәстүрлі тұрмыс салтымен біте қайнасып келе жатқан ел мұрасы екенін, би өнері өзінің эстетикалық болмысында қазақ жұртының жалпы дүниетанымына сай арман-мұраттарын бейнелейтін қимылдар жүйесін құрайтынын түсіндіру, балаларға "Қаражорға" биін билету. Балалар музыкалық аспаптарында қарапайым, таныс әуендерді жеке және шағын топпен орындауға үйрету, балалар шығармашылығын дамыту, оларды белсенділікке, дербестікке баулу. Таныс би қимылдарын қолдана отырып, музыканың сипатына сәйкес ойдан би қимылдарын шығару, мәтінге сәйкес әнді сахналау; шығармашылық тапсырмаларды орындауға ынталандыру.

Өнер бұрышында қоршаған орта тақырыбында сурет салу, жапсыру, мүсіндеу. **(шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)**

Мақсат-міндеттер. Суретті қарапайым қаламның көмегімен жеңіл ырғақпен үстінен қатты баспай бейненің сұлбасын салу, бірнеше заттардың өлшеміндегі айырмашылықтарды беру, геометриялық пішіндегі заттарды салу.

Бояумен сурет салу кезінде қылқаламды бояуға батыру, қағазға жуан сызықтарды сызарда қылқаламды көлденең, ал жіңішке сызықтар мен нүктелерді сызу үшін тігінен ұстап, суреттерді бояғанда бір бағытта солдан оңға қарай, жоғарыдан төмен қарай, қиғашынан жүргізу. Біртекті заттардан сюжеттер құру, бірнеше пішінді бір тұғырға орналастыру, сюжеттерде пішіннің, қимылдың ерекшеліктерін жеткізе білу, кейіпкерлердің өзіне тән бөлшектерін мүсіндеу, композицияларды қосымша заттар мен элементтердің көмегімен көркемдеп жеткізу.

Ертегілер мен әңгімелердің мазмұны бойынша сюжеттік композицияларды құру дағдыларын жетілдіру.

Сюжеттік жапсыруда заттардың өлшеміне қарай арақатынасын, әртүрлі заттардың бөліктерінің пішінін, олардың құрылымын, пропорцияларын беру, әлеуметтік оқиғаларды, балалар өміріндегі оқиғаларды бейнелеу, шаблондармен, трафареттермен, дайын үлгілермен жұмыс істеу, композиция ережелеріне, перспективаға сәйкес бейнелерді құрастыру.

Қайшы мен желімді дұрыс қолдану дағдыларын жетілдіру, еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена ережелерін сақтау. Табиғи (ағаш, мақта, жүн, жіп, асық, қағаз, тері, кенеп, мата, дәннің түрлері) және қалдық заттардан құрастыруға баулу.

Логикалық ойындар, басқатырғыштар, санамақтар, домино ойындары. Пысықтау. **(танымдық іс-әрекет,**

	зерттеу іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Кеңістік туралы түсініктерді бекіту: заттарды кеңістікте орналастыру (сол жақта, оң жақта, жоғарыда, төменде); қозғалыс бағыттары: сол жақтан оң жаққа, оң жақтан сол жаққа, жоғарыдан төменге, алға, артқа. Сөйлеуде белгілі бір заттың өзіне немесе басқа затқа қатысты орнын көрсете білуге үйрету. Берілген бағытта, оны белгі бойынша өзгерте отырып, бағдарлауын қалыптастыру. Қағаз парағын бағдарлай білуді бекіту. Мобильді құрылғыларды қолдану кезінде қарапайым қауіпсіздік ережелерін білу (күніне ата-аналардың рұқсатымен 30 минуттан артық емес мобильді құрылғыларды қолдану). Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. (зерттеу іс-әрекеті, қарым-қатынас іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер. Жануарларды әртүрлі белгілері бойынша: құстар, балықтар, жануарлар, аңдар, жәндіктер, мекендеу орны (орман, шалғын, су айдыны, бақша, бақ, алаң); қозғалу тәсілі (жүгіру, ұшу, секіру, жүзу); табиғи-климаттық аймақтар (ақ аю, итбалық, пингвин, жираф, піл, маймыл) бойынша топтастыру.				
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	«Әжелердің немерелерді тәрбиелеуге арналған кеңестері» қабырға газеті.	«Айына бір рет отбасы күнін өткізу».	Кеңес. «Баланы ұлтжандылыққа тәрбиелеу жолдары».	«Өзге қалаларға саяхат» тақырыбына фотокөрме ұйымдастыру.	Балалардың танымдық үрдістерінің диагностикасы (психолог).